

Әр редакцияның ішкі құрылымы: бас редакторы, бөлім редакторлары, беделді тілшілері	Қажетті қызметкердің аты-жөні, байланыс деректерімен қатар қысқаша өмірбаяны, жарияланған материалдарының тақырыбы болуға тиіс. БАҚ қызметкерін құттықтау үшін оның туған күнін білу міндетті. Сондай-ақ журналистің "осал тұстарынан" да хабардар болу шарт.	БАҚ өкілдерімен байланысқа түсу үшін қажет деректер. Аралас-құраластық барысында бұл бөлімнің материалдары толығып отырады.
--	---	---

Ақпараттың молдығына карамастан БАҚ картасы ұдайы, аптасына кемінде бір рет толықтырылып, жаңартылып отыруға тиіс.

Қажетті бұқаралық ақпарат құралдарының «онтайлы тізімімен» қатар баспасөз қызметі өкілдері араласуға мүдделі журналистердің де тізімдері болуы шарт. Онда тек баспасөз қызметінің жетекшісі ғана білетін деректер жинақталуы қажет. «Сенімді журналистер» досьесі өте керек құжат, бұл мәселеге арнайы тоқталамыз.

БАҚ картасын түзу және толықтыру үшін қажетті деректер түрлі социологиялық және маркетингтік агенттіктерден алынуы мүмкін. Дайын БАҚ картасын агенттіктерден сатып алудың қажеті шамалы, себебі онда ұйымға қажетті деректердің барлығы бірдей болмауы ықтимал. Сондай-ақ белгілі бір параметрлер бойынша БАҚ картасын жасауға тапсырыс беріп те керек жоқ. Негізгі мәліметтер БАҚ-пен тікелей жұмыс барысында жинастырылады, ал агенттіктерден картаны толықтыруға қажет деректерді, мәселен, рейтинг туралы деректі алуға болады. Сондай-ақ дерек көздерінің тағы бір қайнары ретінде жергілікті интернет-ресурстарды атау керек, баспасөз қызметтері бұлардан басылымдар, телеарналар мен радиостанциялар туралы жалпылама мәліметтерді, байланыс телефондарын, редакторлар мен олардың орынбасарларының аты-жөндерін таба алады. Интернеттің әбжілдігінің арқасында бұл деректер ауық-ауық жаңартылып тұрады.

.....

1. В. Ф. Кузнецов. *Связи с общественностью: учебник*. - М.: АспектПресс, 2008.

2. Моисеев В. *Паблик рилейнз - средство социальной коммуникации (теория и практика)* - М.: Дакор, 2002.

В статье рассматриваются вопросы функционирования связей с общественностью как составной части инфраструктуры средств массовой информации и роль пресс-служб.

In clause it is told about those measures, which are carried out on ways to an information infrastructure. The formation of information policy of country requires a priority of national interests.